

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2023 жылға және 2024 – 2026 жылдар кезеңіне арналған ресми болжамдарын дайындау үшін болжамдардың сыртқы параметрлерінің интервалдық сандық мәндерін бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 5 шілдедегі № 89 шешімі

Келісілген макроэкономикалық саясатты жүргізу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 14 қосымша) 4-тармағының 5-тармақшасына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2023 жылға және 2024 – 2026 жылдар кезеңіне арналған ресми болжамдарын дайындау үшін болжамдардың сыртқы параметрлерінің интервалдық сандық мәндері бекітілсін.

2. Осы Шешім ол ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2023 жылғы 05 шілдедегі
№ 89 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2023 жылға және 2024 – 2026 жылдар кезеңіне арналған ресми болжамдарын дайындау үшін болжамдардың сыртқы параметрлерінің интервалдық сандық мәндері

	Өлшем бірлігі	Болжам			
		2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл
1. Әлемдік экономиканың даму қарқыны болжамдарының интервалдық сандық мәндері (сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі бойынша есептеу)	өткен жылға қарағанда пайызбен	1,6 – 3,0	2,4 – 3,3	2,6 – 3,4	2,6 – 3,5

2. Brent маркалы мұнай бағасы болжамдарының интервалдық сандық мәндері	бір баррельге АҚШ доллары	73,1 – 98,0	68,9 – 100,0	65,0 – 88,0	53,0 – 85,0
--	---------------------------	-------------	--------------	-------------	-------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК